Қызылорда облысының Қазалы аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Аранды ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 341 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 32 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1.Қызылорда облысының Қазалы аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Аранды ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 341 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 176684 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Аранды ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 111344 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3036 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 200 мың теңге;

трансферттер түсімі – 108088 мың теңге;

2) шығындар – 113509,2 мың теңге, оның ішінде;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2165,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 2165,2 мың теңге;

қарыз түсімі – 0;

қарызды өтеу – 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 2165,2 мың теңге.".

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешімнің 2, 3-қосымшаларына сәйкес көрсетілген шешім 4, 5-қосымшалармен толықтырылсын

4. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы *Ғ.Әліш*

Қазалы аудандық мәслихатының
2023 жылғы "12" мамырдағы
№ 32 шешіміне 1-қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2022 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 341 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған Аранды ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	111344
1			Салықтық түсімдер	3036
	02		Табыс салығы	70
		2	Жеке табыс салығы	70
	04		Меншікке салынатын салықтар	2962
		1	Мүлікке салынатын салықтар	127
		3	Жер салығы	157
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2678
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	4
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4
2			Салықтық емес түсімдер	20
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	20
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	20

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	200
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	200
		1	Жерді сату	200
4			Трансферттердің түсімдері	108088
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	108088
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	108088
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	113509,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	50837
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50837
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48464
		022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	2373
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4501
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	4501

			, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	4501
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	20054
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3644
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	3644
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16410
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3956
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	653
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	11801
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	36871
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	36871
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	36871
12			Көлік және коммуникация	1244
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1244
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль	1244

			жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
15			Трансферттер	2,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2,2
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2,2
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2165,2
			6.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2165,2
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2165,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2165,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2165,2

Қазалы аудандық мәслихатының
2023 жылғы "12" мамырдағы
№ 32 шешіміне 2-қосымша
Қазалы аудандық мәслихатының

2022 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 341 шешіміне 4-қосымша

2023 жылға арналған аудандық бюджетте Аранды ауылдық округі бюджетіне аудандық бюджет қаражаты есебінен берілетін нысаналы трансферттер

№	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Ағымдағы нысаналы трансферттер	200
1	"Жергілікті баспа БАҚ арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде әкім қаулыларын, шешімдерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау, хабарландыру және ақпараттық материалдарды орналастыру" мемлекеттік саясатты жүргізу қызметіне	200

Қазалы аудандық мәслихатының
2023 жылғы "12" мамырдағы
№ 32 шешіміне 2-қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2022 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 341 шешіміне 5-қосымша

Аранды ауылдық округінің бюджетіне жоғары тұрған бюджеттерден бөлінген, 2022 жылы нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) сомасын аудандық бюджетке қайтару сомасы

№	Атауы	Барлығы, мың теңге	ҚР Ұлттық қоры есебінен	Республикалық бюджет	Облыстық бюджет	Аудандық бюджет
1	Аранды ауылдық округі	2,2	1,4	0,3	0,2	0,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК